

**Қ.Пірімов атындағы
№ 103 орта мектептің 2023 – 2024 оқу жылындағы
мектепалды даярлық сыныбына арналған
оқу жоспары**

2023– 2024 оқу жылында Қ.Пірімов атындағы № 103 орта мектептің мектепалды даярлық сыныптарында оқу процесінің ұйымдастырылуы туралы

Түсінік хат

Қ.Пірімов атындағы № 103 орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру үшін жұмыстық оқу жоспары төмендегі құжаттарды негізге ала отырып, жоспарланды:

- ✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
- ✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 63 болып тіркелген)

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалған. Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылына арналған негізгі міндеттер көрсетілген, олар келесі бағыттарды қамтиды: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы дамытушы

қауіпсіз білім беру, оның ішінде инклюзивті орта құру; - балаларды оларға қызықты ойын түрінде тәрбиелеу, оқыту және дамыту (шаршатпау) ; - баланы білім беру қатынастарының толыққанды қатысушысы (субъектісі) деп тану; - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарас философиясын қалыптастыру; - мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру (қауіпті немесе қауіпсіз іс-әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларды реттеу; баланың жалпы танымдық дамуы); - халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары мен жағдайын ескеріп, балалар үшін сапалы мектепке дейінгі білім алу үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды. Оқу жүктемесінің апталық ең жоғарғы көлемі 20 сағатты құрайды. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Келісіді:

Аудандық білім бөлімінің басшысы:  Ә.Жолекешов

Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектептің 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбына арналған жұмыстық оқу жоспары

p/c	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптасына сағат саны	
		1-мектепалды даярлық сыныбы	барлығы
	Денсаулық		
1	Дене шынықтыру	3	3
	Қатынас		
2	Сөйлеуді дамыту	2	2
	Тілдік қарым -қатынас		
	Көркем әдебиет	2	2
	Тілдік қарым -қатынас		
	Қазақ тілі	2	2
3	Сауат ашу негіздері	3	3
	Тілдік қарым -қатынас, танымдық әрекет		
	Таным		
4	Математика негіздері	3	3
	танымдық зерттеу әрекеттері		
	Әлеуметтік орта		
5	Қоршаған ортамен танысу	2	2
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу		
	Шығармашылық		
6	Сурет салу	1	1
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу		
	Музыка	2	2
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	25-30 мин	
	Барлығы	20	20

Орындаған:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Л.Прманова
" 31 " 08 2023жыл

Тексерген:

Қазалы ауданы ауданы білім бөлімінің сектор меңгерушісі:  К.Шамшадинов
" " 2023жыл